

**<sup>1</sup>Байжанов К.С.,\* <sup>1</sup>Кузербаетова А.Т., <sup>2</sup>Ромашов Б.В.**

<sup>1</sup>аға оқытушы, а.ш.ғ.к.М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>доктор PhDM. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Император Петр 1 атындағы

Воронеж мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы

## **МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ УАҚТЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Автор - корреспондент: 8701815@mail.ru

**Түйін:** Бұл мақалада жоспар құру үшін алдымен фермалардағы, елді-мекендердегі мал, қора-жайлардың, азықтандыру - серуендеу алаңдарының, жазғы мал тұрақтарының, мал өнімдері мен шикізаттарын сақтайтын қоймалардың санын, ауданын анықтаудың маңыздылығы көрсетіледі.

Сол себептен малды клиникалық байқаулар, диспансерлік зерттеулерден өткізу мал азықтарының, судың, мал қанының сынамаларын жолдап, азықтардағы қоректік заттардың, витаминдерді, минералдық заттардың шамасын анықтау, азықтар мен су сапасын бағалау ветеринария мамандары жұмысындағы негізгі бағыттың бірі болып табылады.

Шаруашылық мамандардың жұмысы мен лабораториялық сарап нәтижесінде сапасы жарамсыз азықтарды, суды пайдалануға тиым туралы шешім қабылданады. Сонымен қатар, жоспар қамтитын аймақтағы індеттік жағдайды, зиянкес жәндіктер, кенелер, кеміргіштер,гельминттер фаунасын анықтайды, қолда бар санитарлық техника мен жарақтардың жеткіліктілігі мен мүмкіншіліктерін бағалайды. Осы деректерді талдау нәтижесінде жыл бойында жүргізілетін шаралар ауқымы анықталып, жоспар кестесінде көрсетіледі. Жоспардың екінші бөлімі шаруашылықта (ауданда) малдың жұқпалы емес ауруларының алдын алу шараларының кешенді жүйесі көрсетілген кесте түрінде жасалады.

**Кілт сөздер:** Диспансерлік, микроклимат, тексеру, бақылау, витаминдер, минералдық қосымшалар, карантин, амбулаториялық аймақ

Фермадағы ветеринариялық шаралар жүйесі малдың **жұқпалы емес және жұқпалы ауруларының** алдын алуға бағытталған жалпы алдын алу шаралары кешенінен, сондай-ақ, белгілі бір жұқпалы аурулардан сақтандырушы арнайы шаралардан тұрады. Осындай шаралар жүйесінде ветеринариялық-санитариялық мынадай жұмыстар жүргізілуі тиіс.

1. дезинфекция-(фр) алып тастау, жою (инфекция лат)-жұғу, жұқтыру.

2. дезинвазия-фран, тап беру, жармасу, инвазиялы аурулардың қоздырғышын жою.

3. дезинсекция-фран, шыбын-шіркей, құрт құмырсқа-жою

4. дератизация-(лат) алып тастау (рат-қосаяқ) ерекше орын алады, өйткені олардың жалпы бірден жұқпалы аурулардан алдын алу және сақтандырушылық та, арнайы әсері болады.

### **Жоспардың бірінші бөлімінде**

**Жалпы** деп, малды жұқпалы және жұқпалы емес аурулардан қолма қол немесе болашақта сақтандыруға тікелей, немесе жанама әсері бар шараларды айтады. Осындай шараларға малды толық қоректі заттармен, жарамды істермен, талапқа сай қора-жайлармен қамтамасыз етіп, тиісті күтім-бағым жағдайларын туғызу жатады. Бұлар шаруашылық-өндірістік жұмыстар қатарында болғанымен де азықтардың, судың сапасына, малдың денсаулығына, фермада ветеринариялық-гигиеналық және санитарлық нормативтер мен ережелердің сақталуына күнделікті дәрігерлік қадағалауды талап етеді. Сол себептен малды клиникалық байқаулар, **диспансерлік** зерттеулерден өткізу мал азықтарының, судың, мал қанының сынамаларын жолдап, азықтардағы қоректік заттардың, витаминдерді, минералдық заттардың шамасын анықтау, азықтар мен су сапасын бағалау ветеринария мамандары жұмысындағы негізгі бағыттың бірі болып табылады. Шаруашылық мамандардың жұмысы мен лабораториялық сарап нәтижесінде сапасы жарамсыз азықтарды, суды пайдалануға тиым туралы шешім қабылданады.

Мал ауруларынан **жалпы** сақтандырудың тағы бір естен шығаруға болмайтын

шарты – мал өсіруші және оның өнімдерін өндіруге, өңдеуге қатысы бар ферма, кәсіпорын аумағында жүргізілетін **емдеу алдын-алу** шаралары ауқымы көрсетіледі, оларды орындау мерзімі және соған жауапты мамандар тағайындалады. Алқа мүшелері актіге қол қойып, оның бір данасын шаруашылық басшысына табыс етеді.

**Жоспардың екінші бөлімі шаруашылықта** (ауданда) малдың жұқпалы емес ауруларының алдын алу шараларының кешенді жүйесі көрсетілген кесте түрінде жасалады. Шаралар жүйесін анықтау үшін, дәрігер жоғарда аталған ветеринариялық-санитариялық жағдайды зерттеу туралы актідегі және соңғы ветеринариялық жұмысты тіркеу мен есеп беру құжаттарындағы деректерді талдайды. Сондай-ақ мал азықтары мен суды, топырақты лабораториялық зерттеулердің нәтижелері, қан сынамаларын биохимиялық зерттеу және сол бойынша зат алмасу деңгейін бағалау жүргізуге қажетті дәрі-дәрмек, құралдардың қолда бар мөлшері және жетіспейтіндерін сатып алу мүмкіншіліктері ескеріледі.

**Жоспар кестесі бекітілген ресми үлгімен жасалады.**

Ондағы шаралар кешеніне:

- клиникалық байқаулар;
- малдарға диспансерлік зерттеулер жүргізу;
- фермалардың санитариялық жағдайын тексеру, бақылау;
- қора-жайлардың микроклимат көрсеткіштерін тексеру;
- мал азықтарын, малдардың зат алмасу деңгейін зерттеу;
- аналықтардың желінін, жыныс органдарын, буаздығын тексеру;
- мал тұяғын, мүйізін күту, витаминдер, минералдық қосымшалар, биологиялық ынталандырғыш препараттар беру;
- ультракүлгін және инфрақызыл сәулелер қолдану сияқты шаралар енгізіледі.

Жұқпалы емес аурулардың алдын алу шаралары жоспарын шаруашылықтың өндірістік мәжілісінде талқылаудан өткізіп белгіленген шараларды орындау мүмкіндіктерін анықтайды. Жоспарды ауданның бас дәрігері қарап келісімін берген соң шаруашылық басшысының бұйрығымен бекітеді.

**Ветеринариялық-санитариялық шаралар** Емдік, алдын алу және сауықтырушы шаралар кешенінің іргелі бөлімі болып танылады. Мұндай шаралар жоспары шаруашылықта, ауданда, облыста және ветеринариялық-санитариялық жасақтар жұмыс атқаратын аймақтар бойынша құрылады.

Жоспар құру үшін алдымен фермалардағы, елді-мекендердегі мал, қора-жайлардың, азықтандыру-серуендеу алаңдарының, жазғы мал тұрақтарының, мал өнімдері мен шикізаттарын сақтайтын қоймалардың санын, ауданын анықтайды. Сонымен қатар, жоспар қамтитын аймақтағы індеттік жағдайды, зиянкес жәндіктер, кенелер, кеміргіштер, гельминттер унасын анықтайды, қолда бар санитарлық техника мен жарақтардың жеткіліктігі мен мүмкіншіліктерін бағалайды. Осы деректерді талдау нәтижесінде жыл бойында жүргізілетін шаралар ауқымы анықталып, жоспар кестесінде көрсетіледі. Сонан соң, жылдық сұранысқа қосу үшін жоспарды жүзеге асыруға қажетті материалдық-техникалық жарақтар мен бұйымдарға мұқтаждық мөлшерін есептейді.

Жоспар ресми бекітілген үлгі бойынша шаруашылыққа жасалады. Оны бас дәрігерінің келісімі алынған соң, шаруашылық басшысы бекітеді.

**Малда жұқпалы ауруларының алдын алу шараларын ұйымдастыру.**

Жұқпалы аурулардың алдын алушы жалпы шараларға мал организмінің төзімділігін арттыру, шаруашылықты жұқпалы ауру қоздырушылары әкелінуден қорғау, мерзімді дезинфекция, дератизация жасау, өлекселерді кешіктірмей жинап залалсыздандыру, жергілікті эпизоотиялық жағдайды үнемі бақылау, ветеринарлық насихат жұмысын жүргізу және т.б. жатады.

Малдың ауруларға төзімділігін арттыру мақсатында бағып-күту, азықтандырудың ветеринариялық-санитариялық ережелерін орындау қамтамасыз етіледі.

Шаруашылықта жұқпалы аурулардан сақтандырудың негізгі жолы қатаң

ветеринариялық-санитариялық тәртіп орнату. Осы мақсатта мал топтары мен табындарын араластыру, алмастыру дәрігердің рұқсатымен ғана жүргізіледі. Фермадағы малмен бөгде малдың жақындасуына жол бермейді. Шаруашылықты ауру қоздырушыларынан қорғау үшін ферма территориясына тұтас қоршау салады, оған кірер қақпада ветеринариялық-санитариялық өткізгіш және дезинфекциялаушы бөгет нүктесін жабдықтау қажет. Шаруашылыққа алдын ала тексерістен өтпеген малдарды енгізуге немесе шығаруға тыйым салады. Жұқпалы аурулар жоқ шаруашылыққа әкелінген мал міндетті түрде 30 күндік карантиннен өткен соң ғана қабылданады. Ауру таралған шаруашылықтардан ерекше рұқсат берілмейінше малды шығаруға тыйым салынады.

Жұқпалы аурулардың алдын алу үшін жалпы шаралармен қатар, арнайы бағыттағы шаралар да жүргізіледі. Оларға малдарға жаппай диагностикалық зерттеулер жүргізу, вакцина егу және емдік алдын алушы әсері бар шаралар жүргізу жатады.

Барлық немесе көпшілік басын қамтып, міндетті түрде жүргізетін шаралар жоспарлы мерзімде немесе лажсыздан жүргізіледі. Оларды ұйымдастырғанда алдын ала жергілікті әкімшілікті, ферма жұмыскерлерін, тұрғындарды, мамандарды жарнамалар береді, сондай-ақ көрнекті жерлерге хабарландырулар іледі. Сонан соң қамтылған малдардың тізімін құрып, жұмыс орнын, қолданылатын препараттарды, құрал-жабдықтарды дайындайды. Шараға қатысатын барлық жұмыскерлерге жұмыс мақсаты, тәртібі және еңбек қауіпсіздігі туралы ақпарат нұсқау беріледі. Жұмыс аяқталған соң ветеринария мамандары, мал иесі және қатысушы жауапты тұлғалардың қолдары қойылған акт жасайды.

Жаппай әсерлеу жұмыстарының сапасына және олардың нәтижесіне ветеринария маманы жауапты, сондықтан, қажет болғанда, ол қолданылатын вакциналарды, антигельминтиктерді, мал тоғытуға арналған препараттарды және т.б. алдын ала тексерістен өткізеді, сынайды.

Жұқпалы аурулардың алдын алушы шаралар жүйесіне ветеринариялық-санитариялық жұмыстар да енеді. Бұл жұмыстарды ұйымдастыру дезинфекция, дезинсекция, дератизация шараларын жүргізуге қажетті техниканы дайындау, қора-жайлар мен ғимараттарды алдын ала тазалау, жөндеу, жуу қамтылады.

#### **Малдың жұқпалы ауруларын жою шараларын ұйымдастыру**

Ветеринария туралы заң талаптарына сәйкес ағымы тез жұқпалы ауру пайда болғанда шаруашылық, басшысы, жекеменшік мал иелері, жергілікті ветеринарлық қызмет және үкімет органдары оны жою шараларына қатысуға міндетті. Мұндайда ауданның бас дәрігері негізгі ұйымдастыру жұмыстарын басқарады. Ол індет ошағының ұлғаюына жол бермей жоюға аудандағы барлық ветеринария мамандарын жұмылдырады.

Ауру ошағын жою шараларына жататындар - ауруды анықтау; ауру шыққаны туралы жергілікті үкімет органдары мен ветеринарлық қызметті құлақтандыру; аурудың қалін және таралу ауқымын анықтау; ауру шыққанын жариялау мен карантин ашу немесе шектеу шараларын енгізу, малдарды егу, емдеу, дезинфекция және басқа да ветеринарлық санитарлық шаралар жүргізу, халыққа жаппай түсінік насихат жұмыстарын жүргізу.

Бұл шараларды аурумен күрес және оны жою туралы нұсқауға ақпарат алысымен шаруашылықтың, ауданның бас дәрігері оны анықтауға, туу себептері мен көздерін, таралу ауқымын анықтау шараларына жедел кіріседі

Жұққыш аурулардың негізгі көзіне ауру мал, аурудан сауыққан мал, мал өнімдері мен шикізаттары, сондай-ақ ауру қоздырушы микроорганизмдермен ластанған азық-жемдер, су, топырақ, мал қиы, төсеніші және т.б. сыртқы орта объектілері жатады.

Аурудың диагнозы, ауру қоздырушысының көзі айқындалған соң, аурудың таралуына жол бермеу үшін ауырған және ауруға күдікті малдарды дереу баліп, окдіаулайды Олардың тұрған орны індеттік тізбектің уш буыны өзара әрекеттескен, ауру қоздырушысының көзі орналасқан ошак болып саналады. Бұл жерден індет ауруға бейім басқа малдарға берілу, тарау қаупі бар, сондықтан, індеттің бастапқы ошағын жедел анықтау қажет. Ошақтың таралу ауқымын анықтағанда оған өлекселер жатқан орын,

ауырған мал еті, шикізаты жиналған қойма, одан сауылған сүт сақталатын орын да кіретінін ескереді.

Жұқпалы ауру тіркелген ошаққа бүтін шаруашылық, елді мекен немесе жеке мал иеснің ауласы, мал табыны, ферма, тоғанмен тұйық ащық су көзі, жайылымдар және т.б. объектілері жатады. Оларды толық сауықтырғанша ауру таралған деп жариялайды және оған карантин ашылады. Карантин - амалсыздан енгізілетін шектеу шаралар жүйесі, оның аумағы шағын ошақты немесе бүтін елді мекен, қала, аудан облыс, тіпті республиканы қамтуы мүмкін. Кейбір аса жұқпалы, қауіпті аурулар пайда болғанда карантин ашылған ошақпен шектескен аумақты да ауру туу қаупі төнген аумақ деп жариялап, сонда да сақтандыру шараларын ұйымдастырады. Мұндай аймақта ауруға ұшырау оқиғалары тіркелмегенімен одан ауру таралу қаупі болуы мүмкін. Ауру туу қаупі төнген аймақ шегін ветеринария органдары белгілейді.

Ауру таралған аймақты, қауіп төнген ошақты жариялау және карантин ашу туралы шешімді жергілікті өкімет органдары шығарады. Шешім қолбылдау туралы ұсыныс пен оның жобасын ветеринария органдары жасайды. Карантиндік аурулар тізімін Қазақстан Республикасының үкіметі бекітеді, себебі қандай да бір шаралар жүргізуді және сол үшін көлемді қаржы және еңбек қорын шығынға ұшыратуды талап етеді.

Карантин ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік, ауру қауіптілігі, зияндылығы туралы хабарлар ақпарат құралдары арқылы құлақтандырылады, әңгіме, дәрістер өткізіледі.

Сәтсіз ошақта малдарды клиникалық байқаудан өткізіп үш топқа бөледі, ауырған мал, ауруға күдікті мал, дені сау малдар. Бірінші және екінші топ малын оқшаулайды, күн сайын клиникалық, байқаудан өткізіп, дене қызуын өлшейді - Оқшауланған мал күту үшін арнайы жұмысшылар тағайындалады. Оларға мал күту және жеке бас гигиеналық ережелерін түсіндіреді.

Ауырған малға ем қолданады, тұрған орнына мұқият дезинфекция жасап отырады және

сауыққанша оларды оқшаулағышта ұстайды. Олардан алынған өнімдерді дәрігердің рұқсатынсыз сыртқа шығаруға тиым салынады. Бұл малдарды сою немесе жою туралы шешімді ауданның (қаланың), облыстың ветеринарлық бас инспекторы қабылдайды.

Ауру таралған және қауіп төнген аймақта жылдық жоспарға сәйкес егілгеніне қарамастан барлық ауруға бейім малдарға жаппай, лажсыздан иммундеу шарасы жүргізіледі. Сонымен қатар өлекселерді жою, қоражайларды тазалау, дезинфекция, дезинсекция, дератизация жасау, мал қиын залалсыздандыру және т.б. ветеринарлық-санитарлық шараларды ережелерге сәйкес ұйымдастырады.

Карантинді алу мерзімі аурумен күрес туралы нұсқаулар бойынша қойылған талаптардың орындалуына байланысты. Осыған орай, ауру таралған аймақта тиісті нұсқаулар бойынша ауруды жою шараларының толық кешенін орындау және ақтық дезинфекция жасау қажет. Карантиндік шаралардың орындалуын ауданның бас дәрігері тексереді, сол туралы және осы ауырған мал өлімінің соңғы оқиғасынан соң нұсқауда көрсетілген мерзімнің өткенін көрсетіп акт жазады. Аудан әкімшілігі ауданың бас дәрігерінің ұсынысымен карантинді алу туралы шешім шығарған соң, ауданның бас дәрігері «Аудандық (қалалық) эпизоотиялық жағдайын тіркеу кітабына» және «Ауданның індеттік картасына» тиісті деректерді жазады.

Ағымы созылмалы ауру таралған аймақты сауықтыру барысында карантиндік шектеулер белгілі ауру шыққаны туралы жарияланған ошақты сауықтыру шараларының жоспары қабылданған соң жергілікті әкімшіліктің шешімі бойынша енгізіледі. Шектеу мерзімінің ұзақтығы тандап алынған күрес тәсіліне, аурудың ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Шектеу шарттарын орындай отырып жоспарлы сауықтыру шараларын жүргізу барысында ауру мал бөлінуі тоқталса, тиісті мерзім өткен соң, қорытынды зерттеулер жүргізіледі. Егер барлық табындар бойынша ауру мал бөлінбесе-, шаруашылық аурудан

сауықтырылған болып саналады. Ветеринарлық шектеулерді алудан бұрын шаралар кешенінің толық орындалғанын тексереді, ветеринарлық-санитарлық жөндеу, тазалау жұмыстарын ұйымдастырады және қоражайларға ақтық дезинфекция жасайды. Тексеріс нәтижесі бойынша жазылған актіге сүйеніп жергілікті үкімет шектеулерді алу туралы және бұл аумақтың сауықтырылғанын жариялауға шешім қабылдайды.

### **Малдың жұқпалы емес ауруларының алдын алу шараларын ұйымдастыру**

Жұқпалы емес аурулардың алдын алу шараларына ауруларды анықтап тіркеу, малдың жаппай ауруға, өлім-жітімге ұшырау себептерін айқындау, ауырған малды бөліп алып емдеу, малды жаракаттанудан сақтау, рациондарға өзгерістер енгізу, бағып-күту кемшіліктерін жою, ферма аумағын тазалау, көгалдандыру, жалпы түсінік - насихат жұмысын ұйымдастыру жатады.

Мал табындарында аурудың белгілері байқалысымен кешіктірмей диагнозын анықтау емдік шаралар тиімділігін арттырады. Әсіресе, зат алмасу бұзылуын, улануды, жас төл ауруларын алғашқы бетте анықтап, асқындырмай емдеу жақсы нәтиже береді. Ауруды анықтау кезінде мал топтарына жаппай клиникалық-лабораториялық зерттеулер жүргізу зат алмасудағы субклиникалық ауытқуларды айқындап, диагноздың дұрыс қойылуына ықпал етеді. Бірақ, мұндайда арнайы зерттеулер көмегімен дер кезінде жұқпалы аурулар жоқтығына көз жеткізіп алу қажет.

Мал өнімділігінің төмендеуі патологиялық құбылыстардың басталуымен байланысты болуы ықтимал. Сондықтан, ветеринария мамандары зат алмасу деңгейін, өнімділік көрсеткіштерін ұдайы қадағалауға тиісті. Бұл ауруларды дер кезінде анықтауға емдік шараларға мүмкіндік береді

Малдардың жұқпалы емес аурулары туу оқиғаларының әр қайсысын және малға көрсетілген емдік көмек туралы деректер «Ауырған малдарды тіркеу кітабында» жазылады. Шаруашылықта оны емдеуші дәрігер толтырады. Осы тіркеу кітабы емдеу жұмысымен шұғылданушы мекемелерде де жүргізіледі. Малды стационарда емдегенде оның әр қайсысына ауру тарихы да жазылады. Бұл құжаттар бойынша ауру тегіне қарай оның кездесу жиілігін емдеу тәсілдерінің тиімділігін бағалауға болады.

Аурудың диагнозын анықтаған соң, қалған малды аурудан аман сақтау үшін малдың ауруға ұшырау, өлу себептерін тауып, оларды жоюға кіріседі. Сол мақсатта алдымен малды күтіп бағу, азықтандыру жағдайын, рационның толық қоректілігін, азықтар мен су сапасын, зат алмасу деңгейін тексереді. Сонымен бірге аурудың клиникалық белгілерін байқап алып, қызметі бұзылған мүшелер мен жүйе жағдайын жан-жақты зерттейді. Егер, жұқпалы емес аурулардың тууына азық-жем сапасының жарамсыздығы, рациондардың қоректілігі жетіспеуі себеп болса, ауру алып, бетін қайтарудың негізгі шарты - азықтандыру рациондары құрамын өзгерту болып табылады. Мысалы, мал улануы байқалса, күнделікті рационмен азықтандыруды тоқтатып, оның құрамынан улы азықтарды шығарады, орнына сапасы тексерілген, жарамды азықтар қосады.

Малдарды күтіп-бағудың негізгі кемшіліктеріне қора-жайларда ауа ылғалдылығының жоғарылауы, ауа алмасғыру, жылу, құбыр жүйелерінің істен шығуы, есік-терезелердің дұрыс жабылмауы, зиянды газдар мөлшерінің қалыптан тыс жоғарылауы, малдың тығыз орналастырылуы, еденнің тегіс болмауы және т.б. жатады.

Малдарды күтіп-бағудағы, азықтандырудағы кемшіліктерді жою үшін малшылар мен ферма басшылары тиісті ветеринарлық, гигиеналық ережелерді орындап, өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарауын бақылау керек.

Алып, бетін қайтарудың негізгі шарты - азықтандыру рациондары құрамын өзгерту болып табылады. Мысалы, мал улануы байқалса, күнделікті рационмен азықтандыруды тоқтатып, оның құрамынан улы азықтарды шығарады, орнына сапасы тексерілген, жарамды азықтар қосады.

Малдарды күтіп-бағудың негізгі кемшіліктеріне қора-жайларда ауа ылғалдылығының жоғарылауы, ауа алмасғыру, жылу, құбыр жүйелерінің істен шығуы,

есік-терезелердің дұрыс жабылмауы, зиянды газдар мөлшерінің қалыптан тыс жоғарылауы, малдың тығыз орналастырылуы, еденнің тегіс болмауы және т.б. жатады.

Малдарды күтіп-бағудағы, азықтандырудағы кемшіліктерді жою үшін малшылар мен ферма басшылары тиісті ветеринарлық,-гигиеналық ережелерді орындап, өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарауын бақылау керек.

### **Ветеринариялық емдеу жұмыстарын ұйымдастыру.**

Ауырған малды жоғарғы кәсіби дәрежеде емдеп жазу мал басын аман сақтаудың негізгі шарттарының бірі. Емдеу нәтижелі болу үшін тиісті клиникалық-лабораториялық әдістерді пайдаланып, аурудың диагнозын дәл анықтау қажет және емдеу барысында организмнің физиологиялық болмысын, әсерінің белсенділігі мен кешенділігін ескеру керек. Емдеу барысында осындай принциптері сақталғанда малдардың қысқа мерзімде сауығып тиімділігін қалпына келтіруге мүмкіндік туады. Тәжірибе жүзінде ветеринарлық станцияда, емханада, шаруашылықта емделген малдың 90-99% шығатыны дәлелденген. Бірақ, аурудың болжамы бойынша емдеудің жұқпалы болмайтынына көз жетіп отырса, емдеуді тоқтатып, ауру малды етке өткізуге жіберу тиімді болатынын да естен шығармайды.

Аурудың ағым сипатына қарай ауырған малдарды емдеудің 3 түрі кездеседі:

- 1) *кейінге қалдырмай жедел емдік көмек көрсету;*
- 2) *жедел көмек қажет емпейтін ауру малдарды емдеу;*
- 3) *жоспар бойынша жүргізілетін емдеу.*

Кейінге қалдырмай жедел көмек көрсету жарадан көп қан кеткенде, төл теріс келіп мал туа алмағанда, мес қарынның жіті ағымды тимпаниясы, өңешке бөгде зат тұрып қалғанда, жатыр түскенде және т.с.с. жағдайларда жүргізіледі. Дәрігер, жедел көмек көрсету үшін фермадағы, жайылымдағы, жеке меншік шаруашылықтағы малға шақыру келісімнен кідірмей жетуге міндетті.

Жедел көмек көрсету қажет болмаған жағдайда, ауру малдарды тұрған орнында, арнайы **стационарда** немесе **амбулаториялық** қабылдау орнында емдейді.

**Амбулаториялық емдеу** - ауру малдарды емханаға жеткізіп емдеу істері анықталған соң қайтарып отыруға байланысты болады. Сондықтан амбулаториялық емдеуге өз бетімен жүріп - тұруға жарамды малдарды ғана апарлады.

Малды арнайы стационарға немесе оқшауланған орынға қойып емдеу оған жақсы күтім жасауға, сапалы және жұғымды азық беруге, күрделі емдеу әдістерін қолдануға, хирургиялық операциялар жасауға, яғни толық көлемді дәрігерлік көмек көрсетуге жағдай туғызады. Сондықтан, малдың жүріп-тұруын шектеу және ауру ағымын бақылау, ем шипалылығын бағалау қажет болса, стационарда емдеу ұйымдастырылады.

Емдеу жұмысын мал шаруашылық кәсіпорынның ветеринарлық мамандары жүргізеді, кейде мемлекеттік жүйе мамандары да қатысады. Тәжірибе жүзінде ауру малдарға емдік көмек, көбінесе фермада тұрған орында немесе арнайы жабдықталған ветеринарлық нүктелерде жүргізіледі. Жеке меншік бағалы асыл тұқымды малдарды, егер емдеу ұзаққа созылатын болса, стационарда емдейді.

Емдеу жұмыстарын ұйымдастыру үлгілері кәсіпорынның өндірістік бағытына байланысты ерекшеленеді. Тауарлы сүт фермаларында желінсаулар, гинекологиялық аурулары, зат алмасу аурулары, қозғалыс мүшелерінің жарақаттанулары, жас төл аурулары жиі кездесетін болғандытан ауру малдарға барлық көлемде ем жасау қажет. Сол үшін мал емдеуге арналған санитарлық бокс немесе пункт, мүмкін болса стационары бар емхана жабдықталады. Малдарды диагнозына жасына және жынысына қарай орналастырып оларға лайықты бағу күту жағдайын туғызады және топтап емдеу әдістерін қолданады.

Шошқа өсіретін фермаларда ауырған мал санына байланысты емдеу жұмысын санитарлық бокстарда жүргізеді. Егер жаппай ауру байқалса, емдік көмек малдың тұрған орнында көрсетіледі.

Мамандандырылған қой шаруашылығы фермаларында арнайы емдеу санитарлық пунктін жабдықтау тиімді. Мұнда клиникалық байқау нәтижесінде ауру деп танылған

малдарды жинап шоғырландырып, лайықты күтіп-бағу жағдайын тудырады. Дәрігер ауру диагнозына байланысты малдарды топтастырып емдеу қолданады. Сауыққандары табынға қайтарылады. Арнайы емдеу мекемелерінде, яғни ветеринарлық станцияларда емдеу арқылы жүргізіледі. Бұл мекемелерде емдеу жұмысына лайық жабдықталған, ауру малды қабылдау манежі, малды бекітіп ұстайтын қондырғылар, дәріхана, ыстық және суық су құбырлары болуы тиіс. Емхананың үлгілік жобамен салынған стационарлық бөлімі де болады. Бұл мекемелерде емдеу жұмысы барлық көлемде жүргізіліп, хирургиялық операциялар, күрделі терапевтік, акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетіледі.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Ветеринария туралы»Қазақстан Республикасының Заңы, Астана, 2002
2. Бияшев К.Б., Мынжанов М.Т. Организация ветеринарного дела. Учебное пособие. Алматы, 2003 г.
3. Основы ветеринарного дела Майканов Б.С., Абдрахманов С.К., Адильбеков Ж.Ш. Астана: Фолиант, 2004. 216 с.
4. Ахметсадықов Н.Н. және т.б. // Ветеринария негіздері/ Алматы, 2010. 335 бет
5. Ветеринария ісін ұйымдастыру, оқу құралы Д.Е.Арзымбетов, О.Д.Мәмбетәлі, Н.Қ.Шалбаев, А.Ж. Өсербай, Шымкент 2011 жыл.
6. Никитин, И.Н. Организация ветеринарного дела: учеб. пособие для студ. вузов по спец. 111801 «Ветеринария»; доп. УМО / И. Н. Никитин. 4-е изд., перераб. и доп. СПб. : Лань, 2013. 288 с.: ил. (Учебники для вузов. Специальная литература).
7. Никитин, И.Н. Организация ветеринарного дела / И.Н. Никитин. СПб.: Изд-во «Лань», 2012. 288 с.9. Никитин, И.Н. Организация и экономика ветеринарного дела / И.Н. Никитин, В.А. Апалькин М., «Колос», 2008. 368 с.10. Никитин, И.Н. Практикум по организац
8. Агольцов В.А. Организация ветеринарного дела и экономика ветеринарных мероприятий / В.А. Агольцов, А.В. Красников. Саратов, 2010. 299 с.
9. Липатова О.А. Организация и экономика ветеринарного дела : методическое пособие [Текст] / О.А. Липатова Ульяновск: ГСХА, 2006. 240 с.

**Аннотация:** В данной статье подчеркивается важность определения количества и площади скота, хлебов, откормочных и выгульных площадок, пионерских лагерей, складов для хранения продукции животноводства и сырья в хозяйствах, населенных пунктах.

Поэтому клинические осмотры, диспансерные осмотры животных являются одним из основных направлений в работе ветеринарных врачей для направления проб кормов, воды, крови животных, определения количества питательных веществ, витаминов, минеральных веществ в кормах, оценки качества кормов и воды. .

В результате работы специалистов хозяйства и лабораторных анализов принимается решение о запрете использования некачественных продуктов питания и воды. В результате анализа этих данных определяется объем мероприятий, которые необходимо провести в течение года, и отражается в графике. Вторая часть плана оформляется в виде таблицы с комплексной системой мероприятий по профилактике незаразных болезней скота в хозяйстве (участке).

**Ключевые слова:** Диспансер, микроклимат, обследование, контроль, витамины, минеральные добавки, карантин, амбулаторная зона

**Abstract:** This article emphasizes the importance of determining the number and area of livestock, barns, feeding and walking areas, summer camps, warehouses for storage of livestock products and raw materials on farms, settlements.

Therefore, clinical examinations, dispensary examinations of animals are one of the main directions in the work of veterinarians to send samples of animal feed, water, blood, determine the amount of nutrients, vitamins, minerals in feed, assess the quality of feed and water.

As a result of the work of farm specialists and laboratory analysis, a decision is made to prohibit the use of substandard food and water. As a result of the analysis of these data, the scope of activities to be carried out during the year is determined and reflected in the schedule. The second part of the plan is

made in the form of a table with a comprehensive system of measures for the prevention of non-communicable diseases of livestock on the farm (area).

**Keywords:** Dispensary, microclimate, inspection, control, vitamins, mineral supplements, quarantine, outpatient zone